



ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ

ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20.09.2024 жыл

№ 1, 1-т.

**Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан:  
құқық тәртібі, экономикалық өрлеу,  
қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан  
халқына Жолдауынан туындайтын  
кәсіподақ органдарының міндеттері туралы**

Кәсіподақ Төрағасы А.М. Мұқашеваның «Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауынан туындайтын кәсіподақ органдарының міндеттері туралы» баяндамасын тыңдап, талқылағаннан кейін, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Орталық Комитеті атап өтеді:

Президент Жолдауы салалық кәсіподақтың бастауыш кәсіподақ ұйымдарының басым көпшілігінде кеңінен талқыланып, қолдау табуда. Барлық еңбек ұжымдарында Жолдауды талқылауға арналған жиналыстар мен іс-шаралар өткізілуде. Бұл талқылаудың негізгі мақсаты – бірлік пен даму идеясы.

Мемлекет басшысының Жолдауында бүгінгі күні мемлекет пен қоғам бірлесе әрекет ету керек деген ой өрбіген.

Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары отандастарымен бірігіп, жаңа Қазақстан құруы қажет. Басты мақсатқа жету – берекелі, экономикалық дамыған және әділ елде өмір сүру және жұмыс істеу, өсу және даму кәсіподақ мүшелерінің әрқайсысының жауапкершілігіне байланысты.

Кәсіподақ органдары әрбір әрекетті нақты нәтижеге бағыттай отырып, өз жұмысын қайта құруы қажет. Кәсіподақ қызметі жұмысшыларға ашық және түсінікті болуы керек, ең бастысы, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін сенімді қорғауы керек.

Саладағы алдағы қайта құрулар еңбек жағдайларының өзгеруіне алып келеді және жұмысшылардың әлеуметтік әл-ауқатына әсер етеді. Осыған байланысты кәсіподақ органдарына кәсіподақ мүшелерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу міндеті жүктелді. Жүргізілген реформалар басқа мақсаттармен қатар педагогтар мен ғылыми қызметкерлердің мәртебесін арттыру, олардың еңбек

жағдайын жақсарту және әлеуметтік-экономикалық деңгейін арттыру мақсаттарын қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Орталық Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын кәсіподақ мүшелері арасында түсіндіру жұмыстарын жалғастырсын.

2. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының кәсіподақ органдары:

2.1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру және Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының XV Съезінің шешімдерін түсіндіру бойынша жұмысты жандандырсын.

2.2. Заманауи жағдайда салалық кәсіподақ пен мүшелік ұйымдар қызметінің тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында өз жұмыстарында «Жаңа Қазақстан» – Жаңа кәсіподақ» тұжырымдамасының ережелері мен ұсыныстарын басшылыққа алсын.

2.3. Жұмысшыларды әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіруге, кәсіподақ қозғалысы мен ұйымдастыруды нығайтуға, кәсіподақ ұйымдарының ақпараттық-насихаттық тиімділігін арттыруға бағытталған елдегі қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, кәсіподақ органдары жұмысының нысандары мен әдістерін жаңарту жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

2.4. Әлеуметтік әріптестікті одан әрі дамыту жұмысын жандандырсын. Бұл жұмыста қызметкерлердің әлеуметтік мәселелерін тиімді қарау және шешу үшін мемлекеттік билік органдарымен, жұмыс берушілер бірлестіктерімен және аумақтық кәсіподақтар бірлестіктерімен белсенді өзара іс-қимыл жасасын, қызметкерлерді заңнамада көзделген кепілдіктермен және жеңілдіктермен толық көлемде қамтамасыз етуге қол жеткізсін. Әлеуметтік әріптестік актілерінің талаптарын орындамау фактілеріне, мемлекеттік билік органдарының лауазымды адамдарының келісімдер мен ұжымдық шарттарды елемей әрекеттеріне жол бермесін.

2.5. Еңбек ұжымдарында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жандандырсын. Осы бағыт бойынша жұмыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына, әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімдерге сәйкес жүргізілуі қажет.

2.6. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаев жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы шеңберінде іс-шараларға белсенді қатыссын.

2.7. Кәсіподақ ұйымдарын ұйымдастырушылық нығайтуға қол жеткізсін, кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру, кәсіподақ кадрлары мен активінің кәсіподақ Жарғысын қатаң сақтауы үшін жауапкершілігін арттыру, кәсіподақтың барлық

құрылымдарының жарғылық және қаржылық тәртіпті орындауы жөніндегі жұмысты жандандырсын.

2.8. Ақпараттық жұмыс деңгейін арттыру жөнінде жан-жақты шаралар қабылдасын, кәсіподақ органдарының жергілікті БАҚ-пен өзара іс-қимылының практикасын, нысандары мен әдістерін жетілдірсін, баспасөз конференцияларын тұрақты түрде өткізсін, қызметкерлерді салалық, өңірлік келісімдер мен ұжымдық шарттардың іске асырылу барысы туралы жүйелі түрде хабардар етсін. Кәсіподақ қызметі туралы тұрақты және жан-жақты хабардар ету үшін кәсіподақ сайты, Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерін белсенді пайдалануды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақтың Атқару Комитетіне жүктелсін.

**Төраға**



**А. Мұқашева**